

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2018 жылғы 26 наурыздағы "Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімі аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 02 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 06 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2023 жылғы 10 шілдеде № 1727 болып тіркелді "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы қаласы Бостандық ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2018 жылғы 26 наурыздағы "Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімі аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" № 02 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1465 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С. Алин